



Педагогтардың
кәсіби
күзiреттiлiктерiн
арттыруға
бағытталған
Интеллектуалдық
ойын



Командалық жұмыс

Кішкентай балалар бірлескен жұмыс үшін жаралған. Екінші немесе үшінші адам көмегімен бала түсініктерді меңгереді және өмірлік дағдыларды шынықтырады. Командалық жұмыста және ынтымақтастықта бала басқа пікір болатынын түсінеді



Сахналық қойылым, сюжеттік рөлдік ойынды ұйымдастыру арқылы баланың тілдік дағдысын, ересектермен қарым-қатынасқа түсу дағдысын жетілдіруге болады. Бұның барлығы мақсатты түрде орындалуы тиіс.



«Әжелер сайысы»

Баланың креативтілік, коммуникативтік-тілдік дағдысын жетілдіруде ата-аналар тарапынан қолдау көрсетуі зор маңызға ие.



Коммуникативті –тілдік дағды

Қарым-қатынас балаларға өз идеяларын жүзеге асыруға көмектеседі. Өз идеяларын балалар ойындарда іске асырады, эмоциялар арқылы білдіреді. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін аянбай күрескен тұлғалардың, акын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырады және тілдік дағдыларын дамытады.



Педагог баланың
бойындағы ерекше
кабілетті дер кезінде
анықтап,
шығармашылық
дағдысын әрі қарай
шыңдауға
жұмыстануы тиіс



Білім беру жүйесінде заманға сай талаптар күнделікті жиі өзгерістерін енгізуде. Сол себепті де бүгінгі білім берудің мәні күрделі. Тұрақсыз, тез өзгертін әлемде өз орнын таба білетін және өзіндік дара жолын сала алатын, ішкі тұжырымы мен тұлғалық қасиеттері мен қабілеттеріне сай дағдылары дамыған тұлғаны қалыптастыру біздің міндетіміз.





«ТИІМДІ ОҚУ ТӘСІЛДЕРІ»


*Ақтөбе қаласы
№39 «Достық» МДҰ әдіскері,
Педагогикалық шеберлік орталығының тренері
Ұзақбай Гүлсайран Борантайқызы*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ



- Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бала өзіндік әлеуетін байқап, өзінің күш-жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуді үйренуі тиіс. Бұл оның балабақшадан мектепке көшуін анағұрлым жеңілдетіп, мектепте оқу барысында танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Оқу мақсатын/міндеттерін қою кезінде қандай сұрақтарға жауап беруіңіз керек?



- Педагог не істеді?
- Педагог неге қол жеткізді?
- Педагог қызметінің нәтижелері қандай?



- Бала не істеді?
- Бала нені үйренді?
- Баланы оқыту нәтижелері қандай?

№1 қателік
педагогтар мақсатты балалаға бағыттап
құрастырмайды

- **Баланы геометриялық фигуралармен таныстыру**
- Бала жұмысынан қандай нәтиже көре аламыз? Бала нақты нені үйрене алады?

№2 қателік Мақсаттың «айқын болмуы»

«Балалар көлемі, пішіні, түсі бойынша жақын біртектес заттар туралы түсінік алады»

«Мұндай формалды мақсаттар – нәтижеге қол жеткізу жауапкершілігінен бас тарту дегенді білдіреді.

Мақсат SMART критерийге сәйкес болуы тиіс

- S-specific- нақты
- M-measurable-өлшенімді
- A-attainable- қол жетімді
- R-realistic, result-oriented, relevant-шынайы, қарапайым әрекеттерге емес, нақты нәтижеге бағытталуы
- T-time-bound-уақытпен шектелуі

Мақсат қоюда қолданылатын етістіктер

- Әрекетті көруге, естуге, оқуға болатын етістіктерді қолдану кажет.

Мысалы,

- Балалар түсіндіре алады.....
- Балалар жіктей алады...
- Балалар салыстыра алады.....
- Балалар атай алады...
- Балалар санай алады...
- Балалар жасай алады...
- Балалар шеше алады...
- Балалар құрастыра алады....

«Ойын» дегеніміз не?



Ойынды жүргізу әдістері

Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын	Құрылымдалған ойын	Еркін ойын
- Педагог ойын ұйымдастырғанда балаға нені және қашан істеу керектігі туралы нұсқау береді. Ойынның ерекшеліктері балалар үшін алаңсыз ойнауға жағдай жасалған ойын/оқу ортасын қамтамасыз етеді, бала мұндай ортада басқа балалармен өзара қарым-қатынаста ойынға қажет дағдыларын дамыта алады. - Бала ойын ережелеріне сәйкес іс-әрекеттерді ұғынып алған соң, ойынды өз бетінше бастап, басқалардың көмегінсіз өзі аяқтай алатын болады.	- Педагог ойынға қажетті материалмен қамтамасыз етеді, ойынды бастайды. Ойынды бағыттау немесе балаға кеңес беру үшін оған қосылады. - Бұл ойында мақсатпен нәтижеге бағытталған, әрекеттер алгоритмі, ережелер бар. - Балалар тәрбиешінің тапсырмасын өз бетінше орындайды - Құрылымдалған ойынға әртүрлі қимыл-қозғалыс ойындары мен суды, құмды, саз балшықты пайдаланатын ойындар жатады.	- Нақты шекаралары мен ережелері жоқ, бала қалағанын жасайды. - Педагог жанама түрде бақылап, кімнің қай ойынды ойнай алмайтынын, кімнің аз қозғалатынын, ал кімнің, керісінше, тынымсыз екенін байқауы тиіс. - Педагог ойын кеңістігін ұйымдастыру керек

Креативтілік

Көп адамдар баланың әлеуеті болмаса оның креативтілігін, яғни шығармашылығын дамытуға болмайды деп қате ойлайды. Зерттеушілердің пікірі бойынша, шығармашылық ойлауды дамыту үшін баланы өзін еркін бос ұстауға, қарым-қатынас және жаңа танысулар үшін (балалар үшін тән, себебі олар жеңіл танысады және құрдастары мен ересектермен диалогқа түседі) ашық болуға, кәсіптіктерді жіберуге және сәтсіздіктерді кешуге қорықпауға.

Командалық жұмыс

Командалық жұмыста және ынтымақтастыққа бала басқа пікір болатынын түсінеді. Сол үшін ол сол пікірмен келіседі немесе келіспейді, өз ұстанымын қорғауға және дәлелдеуге. басқаның пікірін тыңдауға үйренеді. Көзқарастарды салыстыруға және өз шешімін құрастыруға дағдыланады. Сонымен қатар командалық жұмыс жағдаятты және пікірді бағалауға, көшбасшы болуға және пікірлестерін табуға көмектеседі.

4 К

Коммуникация

Балалар өз пікірлестерін немесе құрдастарын ұйымдастыру және оқыту барысында өз сөздік қорын, қуаты мен эмоцияларын максималды пайдаланады. Бұл дағдыда 4К моделінің барлық компоненттерінің көрініс табуы маңызды.

Сын тұрғысынан ойлау

Сыни ойлауды дамыту үшін балаларға зияткерлік ойындар (мысалы, басқатырғыштар және жұмбақтар), топта пікір-таластарды өткізу және түрлі проблемалық жағдаяттарды талқылау пайдалы. Сыни ойлауды меңгерген бала икемді, жоспарлау мен сезінуге, ымыралық шешімдерді іздеуге дайын болады.



«4 К» моделі



Оқу мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды атап, сипаттау

ҰОҚ мақсаты: *Үй және жабайы жануарлардың атауын біледі, ерекшеліктерін сипаттап айтады.*

- **Сын ойлау:** Неліктен үй және жабайы жануарлар деп атаймыз?
- **Командалық жұмыс:** *Топтық жұмыс.* Үй және жабайы жануарларды суреттеріне қарап топтастырыңдар. Үй жануарларын және жабайы жануарларды атап шығыңдар.
- **Коммуникация:** *Жұптық жұмыс.* Жұбыңа 1 үй және 1 жабайы жануардың ерекшелігі туралы айтып бер.
- **Креативтілік:** Үй және жабайы жануарларды қатыстырып, өз ойларыңнан ертегі құрастырып айтыңдар. (4 К)





**«Мектеп жасына дейінгі балаларды
оқыту мен тәрбиелеу процесіне 4 к
моделіндегі креативтілік дағдысын
енгізу жолдары».**



МКҚК №39 «Достық» МДҰ әдіскері,
Педагогикалық шеберлік орталығының тренері
Гүлсайран Борантайқызы Ұзақбай

**Балабақша және мектепалды даярлық тобының
тәрбиешілеріне арналған «4 К Моделі негізінде үздік
ҰОҚ» атты облыстық қашықтан өткен байқау
нәтижелерін**



**Балабақша және мектепалды даярлық тобының
тәрбиешілеріне арналған «4 К Моделі негізінде үздік
ҰОҚ» атты облыстық қашықтан өткен байқау
нәтижелерін**



Креативтілік дегеніміз – жаңа өнім немесе шығармашылық ойлаудың қорытындысы деп айтуға болады.

«Креативтілік» – ол тез ойлап табу, жаңалық ашу, аяқ астынан ақыл табу, интеллектуалдық биіктік, ұшқыр ойлылық деп анықтама берсек те болады. Креативтілік — нәтижеге жетуге бағытталған, адамды қиялдауға итермелейді, қысылмай өз ойын айтуға мүмкіндік береді.




Ойлап табу әдісі — белгілі бір ақыл-ой әрекеттерінің нәтижесінде балаларға бұрын белгісіз өнім жасау тәсілі. Әдіс келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

а) жаңа объектіні құру мақсатында бір объектінің сапасын екіншісінің қасиеттерімен алмастыру;

б) басқа ортадағы объектінің қасиеттерін іздеу;

в) зерттелетін объект элементінің өзгеруі және жаңа, өзгертілген объект қасиеттерінің сипаттамасы






"Егер де..." әдісі. Балаларға, егер әлемде бірдеңе өзгерсе, не болады, мысалы: сандар, сөздер жоғалып кетеді; барлық үйлер үшбұрышқа айналады; жыртқыштар шөп коректі болады; барлық адамдар айға көшіріледі және т.б. осындай тапсырмаларды орындау балалардың қиял қабілетін дамытып қана қоймай, сонымен қатар нақты әлемнің құрылымын, оның барлығымен өзара байланысын, түрлі ғылымның іргелі негіздерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.



- **«Саусақ театр» ойыны**




Қолда бар материалдарды пайдаланып бір ертегі кейіпкерін жасаңыз.

Кейіпкерлер қандай рөлдерде ойнайтындығын ойланып, ертегі желісін құрастырыңыз.



Креативтілік - бұл адамның жаңа идеяларды құруға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шығармашылық қабілеті.








**Мектеп жасына дейінгі балаларда ХХІ
ғасыр дағдыларын қалыптастыруда ата-
аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері**

**Ақтөбе қаласы
№39 «Достық» МДҰ әдіскері Г.Б Ұзақбай**



- **Мектепке дейінгі ұйымда қандай дағдыларды дамыту қажет?**
- **XXI ғасырда қандай дағдылар қажет?**

ТҰТАТ БАЛА БЕЙНЕСІ
ПЕДАГОГ - ТӘРБИЕЛЕНУШІ – АТА-АНА



Креативтілік - бұл әр адамның туа біткен қабілеті. Шығармашылық ойлауды дамыту үшін балаға еркіндік беріп, өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік жасау, сәтсіздіктерді кешуге қорықпауға үйрету керек. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында бүлдіршіндерді обылыстық патриоттық әндер байқауын, «Екі жұлдыз» қалалықбайқауларына қатыстырып келеміз.



«Ата-аналармен бірлескен шығармашылық жұмыстар сүйіспеншілік пен сенім ахуалына, шабыт шығармашылығының дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар балалардың креативтілік дағдысы қалыптасады»



Жоба: «Менің отбасым әлемдегі ең керемет отбасы»



Театрландылған қойылым

ата-ананың баласымен бірге қатысқан сахналық қойылымға қатысу арқылы баланың тілдік дағдысын, ересектермен қарымқатынасқа түсу дағдысын қалыптастырады.



Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың бойында ХХІ ғысыр дағдыларын дамытуда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

Семинарлар



Шығармашылық жобалар, көрмелер, мерекелер



Сыни ойлау дегеніміз – әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Балабақшадағы балалардың сыни ойлау дағдысын дамыту үшін зияткерлік ойындар ойнатып, топта пікір-таластарды және түрлі проблемалық жағдаяттарды талқылату арқылы балалардың сын тұрғысынан ойлау дағдысын жетілдіруге болады. Сыни ойлауды меңгерген бала икемді, жоспарлау мен ымыралық шешімдерді іздеуге дайын болады.



«Сабақтың тыс іс-шара»

Мақсаты: Өсіп келе жатқан жас ұрпақты ата – бабаларымыздың жасап кеткен мәдени қазына байлықтарының үлгілеріне қанықтырып жеке адамның да бүкіл қоғамның да рухани жетілуіне ықпал жасау.

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері Ақтөбе қаласы Әлия Молдағұлова атындағы музейге саяхат жасады. Балалар музейді қызығушылықпен аралап, Әлия апамыз туралы көп мағлұматтар алды. Әлия апамыздың ескерткішіне барып, гүл шоқтарын қойып тағзым етті.

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды.



Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

«Бұлақ» мектепалды
даярлық тобының тәрбиешісі
Мандыбаева Жансая
Қуанышқалиқызы

2020-2021 оқу жылы

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Сөйлеуді дамыту»

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ҰОҚ тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Үй жануарларын атайды және ерекшеліктерін сипаттайды. Үй жануарларының төлдерін ажырата алады.

ҰОҚ барысы: Ұйымдастыру кезеңі. 5 Т ережесі (Сүйіспеншілікпен)

Тәртіп

Талап

Тыныштық

Тазалық

Татулық

Жағымды күйге ену.

Тәрбиеші: Амансыңдар ма, балалар! Сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Күніміз сәтті болсын. Мен сендерге жұмбақ жасырғым келеді, жауабын тауып көресіңдерме?

Жұмбақ : (4К Сыни ойлау)

Иір-иір денесі,

Сахараның кемесі,

Ащы шөптер тамағы.

Шөлге шыдап барады. (Түйе)

Кішкентай ғана бойы бар

Айналдырып киген тоны бар. (Қой)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Сендер жұмбақтың жауабын дұрыс таптыңдар. Енді мына жерде тұрған суреттерге қараңдаршы, бұларды бір сөзбен не деп атаймыз?

Балалар: Үй жануарлары деп атаймыз.

(Педагог мазмұнды суреттерді көрсетіп, балалардан суреттегі жануарлардың атын, ерекшеліктерін сипаттауын сұрайды. Бұл немесе бұлар нелер?

Сұрақ жауап әдісі арқылы әңгіме жүргізу. (4К Сыни ойлау, коммуникативтік тілдік дағды)

Жануарлар неге үй және жабайы жануарлар деп екіге бөлінеді?

Бұл жануарлар қайда мекендейді?

Бұл қандай жануар?

Үй жануарлары немен қоректенеді?

Үй жануарлары адамға не береді?

Сиыр қой, ешкіден не аламыз? Адамға қандай пайдасы бар?

Дидактикалық ойын «Төлін тап»(4К Командамен жұмыс.)

Ойын шарты: ұсынылған суреттік бейнелердің ішінен үй жануарларын таңдап алып, төлдерімен сәйкестіндіру қажет.

Балалар үй жануарларының суретіне қарап олардың төлдерін табады.(Сиыр - бұзау, Қылқы - құлыншақ, Түйе - бота, Ешкі - лақ)

Жұптық жұмыс. (4К Коммуникативтік тілдік дағды)

Тапсырма: Жұбыңа бір үй жануарының ерекшелігін сипаттап айтып беріңіздер.

Сергіту сәті:

Біз кішкентай баламыз

Өсіп өніп толамыз

Күнге қарай талпынып,

Көкке қолды созамыз

Қанат қағып ұшамыз

Қарлығаштай самғаймыз.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар. Бүгін біз үй жануарлары туралы әңгімеледік. Ал енді сіздер маған өз ойларыңыздан үй жануарларын қатыстырып ертегі құрастырып, айтып берулеріңізді сұраймын.

(Балалар ойдан өз қалаулары бойынша ертегі құрастырып айтып береді). (4 креативтілік дағдысы)

Дамытушылық ойын: «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?»

Ойын шарты: ойынға қатысушылар өз білгендерінше жануарлардың қалай дыбыстайтынын айтады. Көп біліп, айтқан бала жұлдызшамен мадақталады.

Қорытынды бөлімі.

Балалар мен сендерге сикырлы ұялы телефон әзірледім. Қазір сендер алдарыңызда тұрған телефонды алып аналарыңызға хабарласып, бүгінгі күннен не алдыңыздар, не үйрендіңіздер соны аналарыңызға қоңырау шалып айтып беріңіздер.

Балалара телефонмен әр қайсысы аналарына қоңырау шалып өткен таңырыпты еске түсіріп, бүгінгі сабақты қорытындылады.

(Педагог балалардың барлығын бақылау, ұйымдастырылған оқу қызметіне қойылған мақсатқа топтағы балалар қаншалықты жеткенін бақылап, бақылау парағына белгілеп алады)

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге ризамын. Жүрегіміздегі нұрды жан-жағымызға таратайық! Рахмет! Сау болыңыздар!